

Манарбек Гүлден Манарбекқызының
«6D051700 – Инновациялық басқару» мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Қазақстан Республикасы жоғарғы білім беру сапасын инновациялық
басқару» тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу университеттерде бизнес саласындағы сапаны басқару құралдарына негізделген білім беру сапасын басқаруға арналған инновациялық модельді ұсыну мақсатында жүргізілген.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. «Сапа» ұғымы академиялық саладағы жаңа ұғым емес. Алайда жоғары білім беру сапасына арналған бірыңғай жалпы анықтамасы жоқ, өйткені бұл көп өлшемді және динамикалық ұғым. Жоғары білім беру «сапасы» тұжырымдамасы туралы әртүрлі пікірталастар диссертацияның бірінші тарауында талқыланған.

Классикалық ғалымдар Мейер мен Роуэн сапаны басқару үкіметтік ережелер сияқты сыртқы қысым мен талаптарға байланысты енгізілсе, нәтиже тиімді болмайды және ішкі ұйымдастырушылық өзгерістермен ештеңе болмайды деп мәлімдеді.

Осы зерттеу жұмысында зерттелген негізгі тақырыптардың бірі - автономия шеңберінде студенттердің бәсекелестігі, қаржыландыру, нарық үлестері мен университеттердің сапа алдындағы жауапкершілігін арттыру жағдайында жоғары оқу орындарының сыртқы күштерге реакциясы. Стратегиялық жоспарлау мен шешім қабылдау процедураларынан басқа, ұйымның өмір сүруінің неғұрлым қажетті шарты тиімді сапаны басқару құралын енгізе отыру арқылы университетті басқарудағы инновация болып табылады.

Президент Қасымжомарт Тоқаев 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстандағы татулық пен тұрақтылықтың негізі» деп мәлімдеді. Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында жоғары білім сапасын көтерудің маңыздылығын атап өтті және жоғары сапалы, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау тетігін әзірлеу қажеттігін айтты. Ұлттық университеттерді коммерциялық емес ұйымдарға айналдыру туралы «Елбасы Назарбаевтың бес институционалдық реформасын іске асырудың 100 нақты қадамы» Ұлт жоспарының 78 қадамына және Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, сондай-ақ 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес (2019 жылдың 27 желтоқсанында өзгертулер енгізілген) ЖОО-лардың академиялық, қаржылық және басқару еркіндігі кеңейеді деп күтілуде, бұл өз кезегінде білім беру және еңбек нарығындағы университеттер арасындағы бәсекелестікті арттырады. Осыған байланысты университет басшылары үшін сапа менеджменті тәжірибесіне назар аударатырып, университеттердің ұйымдық тәртібін қайта қарау және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті сақтау өте маңызды. Осыған байланысты

жоғары оқу орындарында сапа менеджментіне бизнес тәсілдерді бейімдеу логикасы маңызды болып табылады.

Жоғары білім берудегі сапа менеджментінің проблемалары бүкіл әлемдегі әртүрлі ұлттық және халықаралық пікірталастардың негізгі маңызды мәселелері болып табылады. Қазақстанның ұлттық университеттері үшін сапа менеджменті және сапа кепілдігі мәселесі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі 2010 жылы Болон процесіне қосылғаннан кейін университет менеджментінің маңызды стратегиялық міндеттерінің біріне айналды. Экономиканың дамуы, университеттердің үкіметтік емес коммерциялық ұйымдарға айналуы, университеттерді басқарудағы реформалар, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі, сонымен қатар сыртқы ортаның өзгеріп отырған талаптары сапа мен сапа менеджменті мәселесін қазіргі университет басшыларының күн тәртібіндегі ең маңызды тақырып ретінде өзекті етті. Қазақстандағы жоғары оқу орындары сапаны қамтамасыз етудің сыртқы процедураларын қолданып, сапа саясаты арқылы сапа менеджментін алға тартқанына қарамастан, ішкі сапа менеджменті рәсімдері әлі күнге дейін жоқ. Жоғары оқу орындарында сапаны басқару бөлімдері мен департаменттері болғанымен, құрылым әлі де орталықтандырылмаған.

Сонымен қатар, соңғы онжылдықта Қазақстандағы ЖОО нарықтық саясат, менеджмент, нәтижеге негізделген баға және сапа үшін жауапкершілік тұрғысынан сыртқы қысым мен қатты бәсекелестікке тап болды. Әртүрлі сыртқы мүдделі тараптардың (жұмыс берушілердің, қоғамның, үкіметтің, студенттердің) қысымының күшеюі және жоғары оқу орындарына көбірек автономия беру үшін жүргізілген үкіметтің соңғы реформалары университеттер әкімшілігін басқару тәжірибесін қайта қарауға және сыртқы талаптарға және өзгерістерге жауап беруге мәжбүр етті. Осылайша, жоғары оқу орындарындағы сапа менеджменті бойынша зерттеулер өзекті және өте маңызды болып қала береді.

Бұл ғылыми жұмыста қарастырылған негізгі тақырыптардың бірі - жоғары оқу орындарының автономия шегінде студенттер үшін бәсекелестік, қаржыландыру, нарық үлесі және университеттердің білім сапасы үшін жауапкершіліктің артуы жағдайында сыртқы факторларға қалай әсер ететіндігі. Стратегиялық жоспарлау мен шешім қабылдау процедураларынан басқа, ұйымның өмір сүруінің маңызды шарты – инновацияны сапаны басқару тәжірибесіне енгізу болып табылады. Холлен, ван ден Бош хабарлағандай, бірқатар зерттеулер технологиялық инновацияларға бағытталған болса, соңғы зерттеулер басқарушылық инновацияның маңыздылығына, ол ең алдымен ұйымдастырушылық, әкімшілік және басқарушылық инновацияға қатысты. Ли мен Атуахен-Гима ұйымның бірінші кезекте жүзеге асыратын кез-келген басқару стратегиясы немесе тәжірибесі Лейблейн мен Мадсеннің жаңашылдық болжамына сәйкес, басқа ұйымдарда қолданылғанына қарамастан инновация болып табылады деп тұжырымдады. Жалпы, инновациялық менеджмент негізінен басқару тәжірибесін жүзеге асырумен байланысты. Аталмыш зерттеу жұмысы ұйымдық инновация динамикалық ортадағы ұйымдық қызметті жақсартудың негізгі құралы екенін көрсетеді. Бүгінгі таңда білім мен инновация, заманауи экономиканың талаптары мен

жоғары білім беру саласында нарықтық тәсілдердің пайда болуы университеттердің қолданыстағы сапа менеджменті тәжірибесін қайта қарауға және еңбек және білім беру нарықтарында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мәжбүр етеді. Сыртқы ортаның динамикалық жағдайы, жоғары білім саласындағы бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейі және жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі сапа менеджментіне инновациялық тәсілдерді енгізуді қажет ете бастады.

Осыған байланысты ғылыми-зерттеу жұмысы Қазақстан университеттерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін EFQM жетілдіру моделін енгізудің маңыздылығына назар аударады. Зерттеу жұмысының өзіндік ерекшелігі оның бизнесті жетілдіру моделін зерттеп, оның сапаны басқарудың тиімді құралы ретінде қолдануға болатындығын айқындауда. Модель тұтас тәсіл болып табылатындықтан және «бәріне бірдей» тұжырымдамасына сәйкес келмейтіндіктен, диссертация шеберлік моделдің бейімделген нұсқасы университет басшылары мен сапа менеджерлері үшін EFQM моделінің негізгі критерийлері негізінде сапа менеджменті процестерін дамытудың пайдалы құралы бола алатындығын тұжырымдайды. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысының инновациялық құрамдас бөлігі - бұл Қазақстандағы жоғары білім беру сапасын бизнесті жетілдіру моделіне негізделген сапа менеджменті тақырыбында зерттеулердің жүргізілмегендігі болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – бизнесті жетілдіру моделі негізінде Қазақстандағы жоғары білім беру сапасын инновациялық басқару болып табылады.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер көзделді:

1. Жоғары білім беру сапасы ұғымын теориялық және әдістемелік тұрғыдан тұжырымдау;
2. Қазақстандық жоғары оқу орындарындағы университеттерді басқарудың негізгі ерекшеліктері мен индикаторларын зерттеу және анықтау;
3. Университеттің коммерциялық емес ұйымдарға ауысуы жағдайында ішкі басқару тұжырымдамасын зерттеу және сапа менеджменті үшін тиімді ішкі басқарудың тұжырымдамалық моделін ұсыну;
4. Шетел тәжірибесіне негізделе отырып, жоғары білім беру саласында бизнес сапа менеджменті тәсілдерін қолдануға болатындығын негіздеу;
5. Шетелдік тәжірибеге негізделе отырып, EFQM іскерлік шеберлік моделінің жоғары білім беру саласында қолданылуын зерттеу;
6. Жоғары беру саласында сапаны басқарудың инновациялық тәсілі ретінде қолданылатын іскерлік шеберлік моделінің бейімделген нұсқасын және оны енгізу механизмін ұсыну.

Диссертациялық зерттеудің объектісі – дербес коммерциялық емес ұйымдарға айналатын Қазақстандағы ұлттық университеттер

Диссертациялық зерттеудің пәні – бизнес саласындағы сапаны жетілдіру моделіне негізделген жоғары білім беру сапасын инновациялық басқарудың жаңа моделін жасау.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Диссертация шетелдік және отандық ғалымдар мен сарапшылардың

зерттеулеріне негізделген. Зерттеудің әдістемелік бөлімінде сапалық және сандық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижелері сауалнамалар, әдебиетке шолулар, жүйелеу және мазмұнды талдау сияқты сандық зерттеу әдістерінің көмегімен алынды. Эмпирикалық нәтижелер бақылаулардан, фокус-топтардан және сұхбаттан алынды. Сонымен қатар, алынған деректерді өңдеу үшін SPSS деректерді статистикалық талдау құралы, факторлық талдау, регрессиялық талдау және дисперсиялық талдау сияқты қосымша әдістер қолданылды. Зерттеудің ерекшелігі - «сапаны басқару» проблемасын пәнаралық талдауда синоптикалық әдіс пен интегралды тәсілді қолдану болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасы. Ақпараттық база ретінде ҚР-ның ұлттық экономика министрлігінің статистика жөніндегі Комитеті, Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі сайты мәліметтері, Ұлттық білім беру дерекқоры, аккредиттеу органдарының ұлттық реестрі, аккредиттелген білім беру ұйымдарының ұлттық реестрі және аккредиттелген оқу бағдарламалары ұлттық реестрі, Болон процесінің ақпараттық статистикасы мен академиялық ұтқырлық орталығы ақпараттары, QS World University Rankings 2020, сыртқы сапа кепілдігі туралы есептер базасы (DEQAR); WebofScience Core Collection, Science direct, Springer, Elsevier, Taylor & Francis, Scopus сияқты шетелдік мәліметтер базалары мен Saxon State and University Library Dresden SLUB, Dresden Applied Science University library шетел кітапханалары мен Ұлттық диссертациялар орталығынан алынған материалдар қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы бизнес саласындағы сапаны жетілдіру моделіне негізделген жоғары білім беру сапасын басқаруға арналған инновациялық құралды дайындау және жоғары білім беру сапасын басқаруға арналған ұсынылған моделді енгізудің практикалық ұсыныстары болып табылады. Зерттеу жұмысының шешуші мәні – бизнес саласындағы сапаны басқару моделін қоғамдық ұйымдарда қолданылатындығын сапаны басқарудың инновациялық тәсілі ретінде зерттеп анықтау болып табылады.

Зерттеу жүргізу барысында келесідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

1. «Жоғары білім беру сапасы» термині мүдделі тараптардың көзқарасы тұрғысынан авторлық тұжырымдама жасалынды;
2. Қазақстандық ЖОО-да университетті басқарудың негізгі көрсеткіштері зерттеліп, анықталды;
3. Жоғары білім беру саласында қолданылатын ішкі басқару тұрғысынан жоғары білім берудегі сапаны басқарудың жаңа инновациялық тәсілі әзірленді;
4. Шетел тәжірибесіне сүйене отырып, жоғары білім беру саласында бизнестің сапаны басқару құралдарын қолдану негіздемесі анықталды;
5. Шетел тәжірибесіне сүйене отырып, бизнес-модельдің жоғары білім беру саласында қолданылуы зерттелді;
6. EFQM озық моделінің жоғары білім беру саласында бейімдеу тәсілі арқылы теориялық тұрғыдан қолданылу маңыздылығы негізделді.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдары:

1. Автордың «жоғары білім беру сапасы» терминін мүдделі тараптардың көзқарасы тұрғысынан тұжырымдамасы;
2. Университеттің басқару түрлерін зерттеу арқылы жоғары білім беру саласында бизнес сапасы басқару әдістерін қолдану негіздемесі;
3. EFQM excellence моделінің бейімделген нұсқасын жоғары білім беру саласында сапаны басқарудың инновациялық құралы ретінде ұсыну;
4. EFQM моделінің бейімделген нұсқасы негізінде қазақстандық ЖОО-да сапаны басқару тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныс.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы: Зерттеудің теориялық маңыздылығы жоғары білім беру сапасын басқару мәселелері жоғары білім беру саласында бизнестік сапаны басқару құралдарын қолдану тұрғысынан зерттелуі болып табылады. Екіншіден, теориялық талдаудың нәтижелері көрсеткендей, университет басқару типі өзгеруі тұрғысынан университеттің ішкі ұйымын басқару мәселесіне арналған отандық зерттеулердің жоқ болуы.

Осы зерттеудің тұжырымдары мен ұсыныстары жоғары білім беру саласындағы университеттер басшыларына, сарапшыларына және сапа менеджерлеріне сапаны басқарудың қолданыстағы тәжірибелері мен әдістерін жетілдіруде және еңбек нарығында университеттердің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуде пайдалы болуы мүмкін.

Ұсынылып отырған тұжырымдар, ғылыми және тәжірибелік ұсыныстар сыртқы орта талаптарын тиімді қанағаттандыру үшін және сапаны басқарудың жаңа тәсілдерін енгізу үшін, тек арнайы жоғары білім беру жүйесіне бейімделген EFQM бизнесті жетілдіру моделіне негізделген сапаны басқарудың тәсілдерін енгізу кезінде ескерілуі мүмкін.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің апробациялануы.

Диссертацияның негізгі нәтижелері отандық және шетелдік ҒПК-да, атап айтқанда «Инклюзивті, экономикалық даму: бағыттар, басымдықтар, жүргізушілер - 2017 (Қазақстан), VI Халықаралық Фараби оқулары, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Қазақстан көпполярлы әлемде: экономикалық сценарийлер» - 2019 (Қазақстан), сонымен қатар Web of Science, Scopus дерек базаларында индекселген Халықаралық Іскерлік Ақпаратты басқару Ассоциациясының 33-ші конференциясы, IVIMA 2019, (Испания), E3S Web of Conferences, BTSES-2020 сияқты шетелдік және аймақтық халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында жарық көрген.

Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған төрт аймақтық журналдарда, сондай-ақ Web of Science және Scopus базасында индекстелген журналда, және төртеуі ХҒПК жинақтарында көрініс тапты.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысы жоспар, белгілеулер, қысқартулар, кіріспе, үш бөлімнен, қорытынды, қолданылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады.